

FTAХР 06.71.47
ӘОЖ 364

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-112-118>

Г.Ж. ДОСКЕЕВА,*¹

э.ғ.д., профессор.

*e-mail: g.doskeyeva@gmail.com

К.А. БАЙТАЛАСОВА,¹

докторант.

e-mail: kulsara.baitalaso@narxoz.kz

А.Е. АБИШЕВА,¹

докторант.

e-mail: assel.abisheva@narxoz.kz

¹Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҮРДІСТЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІН БАҒАЛАУ

Андатпа

Мақалада Қазақстандағы 2015–2021 жылдардағы халықтың жұмыспен қамтылу көрсеткіштеріне талдау жасалып, елдегі жұмыссыздық деңгейін азайтуға бағытталған бағдарламаларына және басқа да іс-шараларына баға берілген. COVID–19 коронавирусы пандемиясының әсерінен болған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы белең алған жұмыссыздық мәселелерін шешуге және халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қолдау жүйесіне сипаттама берілген. Сондай-ақ, мақалада тек қана бір ғана мемлекеттің емес, әлемнің жұршылығын алаңдатып отырған жұмыссыздық мәселесінің әлемдік мемлекеттерде белең алу деңгейіне және бұл мәселелердің зерттелу дәрежесіне шолу жасалды. Бұдан басқа, ел экономикасының салаларында жұмыспен қамтылған халық санының өзгеру динамикасына талдау жасалып, баға берілді және еңбек нарығын оңтайландыруға және халықты нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары талқыланды.

Тірек сөздер: жұмыссыздық, жұмыспен қамту процесі, халық, мемлекеттік реттеу, жастар, мемлекеттік бағдарламалар, экономика.

Кіріспе

Халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздыққа, соның ішінде жастар жұмыссыздығына байланысты мәселелер бүгінгі күні жекелеген мемлекеттердің деңгейінде ғана емес, әлемдік деңгейде талқыланатын әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Соңғы жылдары дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттерде жұмыссыздық мәселесі, әсіресе жастар жұмыссыздығының тұрақты түрде өсуі әлем жұртшылығын алаңдатып отырғаны сөзсіз. Бұл мәселе әдеттегідей тек дамушы мемлекеттерге ғана тән емес, экономикалық даму деңгейі қалыпты саналатын Еуропа мемлекеттерінде де кездеседі. Айталық, 2020 ж. ресми статистикасы көрсеткендей, Францияда жұмыссыздық деңгейі – 8,0%, Түркияда – 13,1%, Швецияда – 8,3%, Португалияда – 7,1%-ды құрап отыр. Ал Армения, Грузия, Украина, Өзбекстан сияқты бұрынғы кеңестік мемлекеттерде жұмыссыздықтың, әсіресе жастар жұмыссыздығының деңгейі 9-21% аралығында өзгеріп отыр.

Негізгі ережелер

Қазақстандағы халықтың жұмыспен қамтылу үрдістері соңғы жылдардағы ресми статистикалық деректерге сүйенетін болсақ оң көрсеткішке ие болып отыр, яғни жұмыссыздық деңгейі 5,1–4,9% шамасынан асқан жоқ. Алайда қазақстандықтардың 23,9%-ы өз бетімен жұмыспен қамтылғандар екенін және олардың басым көпшілігінің жұмысбастылығының күмәнді (өнімсіз жұмысбастылық, өте аз табыс алу немесе жанұялық кәсіпорындарда жалақының мүлде төленбеуі т.с.с) екенін ескеретін болсақ, еліміздегі жұмысбастылықтың

шынайы бейнесінің ресми статистикадан өзгеше екенін түсіну қиын емес. Оған қоса бүгінгі күні әлемдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды күрделендіріп отырған COVID–19 коронавирус пандемиясы көптеген елдердегі жұмыссыздық мәселесін шиеленістіріп жіберді. Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, 2020 ж. сәуір айында дүние жүзі бойынша 3,3 млрд адам жұмыс орындарының жабылуына байланысты толық немесе жартылай қысқаруға ұшыраған. Бұл әлемдегі жұмыс күшінің 81%-ы екенін ескеретін болсақ, жаһандық еңбек нарығындағы мәселенің масштабы қандай болғанын бағалау қиын емес. Бұл мәселе Қазақстанның еңбек ресурстарын да айналып өткен жоқ. Елімізде 2020 ж. наурыз-сәуір айларында орын алған карантиндік шараларға байланысты, 4,2 млн қазақстандық уақытша жұмыссыздар қатарында саналды [1].

Халықты жұмыспен қамту саласында туындап отырған мұндай мәселелер мемлекет тарапынан кешенді түрде шаралар жүргізуді талап ететіні сөзсіз. Қазақстан Үкіметінің еңбек нарығындағы мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік қолдау жүйесінің ерекшеліктерін мақаланың негізгі бөлімінде қарайтын боламыз.

Материалдар мен әдістер

Халықты жұмыспен қамту мәселелерін мемлекеттік реттеу тақырыбына арналған бұл мақаланың әдістемелік негізін ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылатын статистикалық-экономикалық талдау, салыстырмалы, диалектикалық талдау сияқты әдістер құрайды. Статистикалық-экономикалық әдістің көмегімен еліміздегі халықты жұмыспен қамту көрсеткіштерінің зерттеліп отырған уақыт ішінде өсу-кему серпіні зерделенген болса, салыстырмалы әдісті қолдану арқылы халықтың әртүрлі топтарының жұмысбастылық немесе жұмыссыздық деңгейі, сондай-ақ экономиканың әртүрлі салаларындағы халықтың жұмыспен қамтылу көрсеткіштеріне салыстырмалы түрде баға берілді. Ал диалектикалық талдау кезінде еліміздің еңбек нарығындағы белең алған экономикалық үрдістер, сол үрдістерді реттеуге бағытталған мемлекеттік саясат механизмінің жекелеген элементтерінің арасындағы өзара байланыс айқындалды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстанның еңбек нарығының жағдайына келетін болсақ, 2015–2021 жж. аралығындағы ресми статистикаға сәйкес, еліміздегі еңбек нарығының жалпы ахуалы және негізгі көрсеткіштері салыстырмалы түрде қолайлы болды. Қаралып отырған жеті жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі 5,1%-дан 4,9 %-ға дейін төмендеді. Салыстыру үшін айтатын болсақ, 2020 ж. статистикасы бойынша, жұмыссыздық деңгейі Данияда – 5,7%, Канадада – 9,6%, Португалияда – 7,1%, Түркияда – 13,1%, Финляндияда – 7,7%, Францияда – 8,0%, Швецияда – 8,3%-ды құрап отыр. Яғни жұмыссыздық мәселесі бүгінгі күні әлемдік деңгейдегі проблемаға айналып отыр [2].

1-кестенің (б. 114) статистикалық деректеріне сүйенсек, еліміздегі жұмыспен қамтылған халық санының едәуір бөлігін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар құрайды екен. 2021 ж. бұл көрсеткіш 23,9%-ды құраған. Бұл 2015 ж. аталмыш көрсеткішімен салыстырғанда 6,3%-ға азайғанын байқауға болады.

Жалпы әлемдегі мемлекеттермен салыстыратын болсақ, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесінің жоғары болуы негізінен дамушы елдерге тән құбылыс екенін байқауға болады. Мысалы 2020 ж. ресми статистикасына сәйкес АҚШ-та өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі – 6,3%, Данияда – 8,5%, Канадада – 8,6%, Норвегияда – 6,5%, Жапонияда – 10%-ды құрайды екен. Ал экономикалық даму деңгейі төмендеу мемлекеттерде бұл көрсеткіштің жоғары болу үрдісі байқалады. Айталық, Латын Америкасы мемлекеттерінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 30%-дан жоғары болатын болса, Шығыс Еуропа мемлекеттерінде 18-20% арлығында өзгереді.

Жалпы көп жағдайда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары үлесі күмәнді жұмысбастылықпен байланысты.

Кесте 1 – Қазақстан халқының 2015–2021 жж. жұмыспен қамтылу көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,1	5,0	4,9	4,9	4,8	4,9	4,9
Жалдамалы қызметкерлердің жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, %	74,6	74,2	75,5	76,0	76,1	76,6	76,1
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлердің жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, %	25,4	25,8	24,5	24,0	23,9	23,4	23,9
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі, %	30,3	30,0	30,3	30,0	29,9	30,8	30,6
Ескертпе – [2], [10] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.							

Күмәнді немесе тұрақсыз жұмысбастылық бүгінгі күні көптеген зерттеушілердің назарын аударып отырған мәселелердің бірі. Мысалы, австралиялық зерттеушілір Jenny Chesters, Hernan Cuervo еңбектерінде күмәнді жұмысбастылық, әсіресе жастар арасындағы тұрақсыз жұмысбастылық проблемалары жиі көтеріледі. Олардың жүргізген зерттеулеріне сәйкес тұрақсыз жұмысбастылық қатарына жиі кіретін халық тобы – бұл 28 жасқа дейінгі жастар. Зерттеудің нәтижесінде авторлар күмәнді жұмысбастылықтың көп жағдайда жастарға тән болуын олардың толық білімінің болмауымен, тәжірибелерінің жеткіліксіздігімен және материалдық тұрғыда тәуелсіз еместігімен байланыстырады. Аталмыш авторлар тұрақсыз жұмысбастылықты жастардың гендерлік сипатымен және жұмысқа тартылу саласымен де байланыстырады. Олардың айтуынша, ер адамдарға қарағанда әйел адамдар тұрақсыз жұмыспен қамтылғандар категориясына көбірек ілінеді екен, яғни әйел адамдардың саны 8%-ға көбірек болған. Ал енді еңбек ету салаларына келетін болсақ, жүргізілген зерттеуге сәйкес тұрақсыз жұмыспен қамтылғандардың 25%-ы сауда және қызмет көрсету саласында, 21%-ы кәсіби менеджерлер ретінде, 17%-ы әкімшілік қызметкерлер және 18%-ы машиналық операторлар ретінде қызмет етеді екен. Jenny Chesters, Hernan Cuervo зерттеулерін қорытындылай келе күмәнді (тұрақсыз) жұмысбастылық жастардың өз жұмыстарына, кәсіптеріне қанағаттанбауынан болатынын және жұмысбастылық, кәсіби бағыт проблемалары кешенді зерттеуді талап ететін мәселе екенін түйіндеген [3].

Қазақстандағы жұмыспен қамту көрсеткіштеріне оралатын болсақ, 2020 ж. статистикалық деректеріне сәйкес жұмыспен қамтылған халықтың едәуір бөлігі ауыл, орман шаруашылығында (13,5%) сауда (13%) және білім беру (12,7%) салаларында жұмыс істейді екен [4, 5].

Ал экономиканың басқа салаларына тартылған жұмыс күшінің өзгеру динамикасын келесі кестеден байқауға болады.

Кесте 2 – Экономика салаларындағы 2015–2020 жж. жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы, %

Экономика салаларындағы жұмыспен қамтылғандар үлесі, %	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Жұмыспен қамтылған халық – барлығы, %	100	100	100	100	100	100
Ауыл, орман және балық шаруашылығы, %	16,2	16,2	15,4	14,1	13,5	13,5
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу, %	14,9	15,3	15,5	16,0	16,3	16,4
Өнеркәсіп, %	12,9	12,7	12,7	12,6	12,5	12,3
Құрылыс, %	8,2	7,9	7,2	7,2	7,2	7,4
Көлік және қоймалау, %	7,3	7,2	7,0	7,2	7,3	7,3
Білім беру, %	12,0	12,0	12,3	12,6	12,6	12,7
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, %	5,4	5,5	5,6	5,7	5,7	5,9
Басқа салалар, %	23,1	23,2	24,3	24,6	24,9	24,5
Ескертпе – [2], [10] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.						

2-кестенің статистикалық деректерінен көріп отырғанымыздай жұмыспен қамтылған қазақстандықтардың басым бөлігі сауда және көлік жөндеу саласында, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларында жұмыс істейді екен. Әлеуметтік сала буындарының ішінде жұмыс күштерінің ең көп шоғырланған саласы ретінде білім беру саласын атауға болады. Бұл салада жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2015 ж. барлық жұмысбастылардың 12%-ын құраса, 2020 ж. бұл көрсеткіштің 12,7%-ға дейін көтерілгенін байқауға болады.

Жұмыспен қамтылғандардың үлесі артып келе жатқан экономиканың келесі саласы ретінде көтерме және бөлшек сауда, көлік жөндеу салаларын атауға болады. Егер бұл салаларда жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2015 ж. барлық жұмыспен қамтылған халықтың 14,9%-ын құраса, 2020 ж. бұл көрсеткіш 16,4%-ға дейін көтерілген.

Ал ауыл, орман, балық шаруашылығы мен құрылысқа тартылған жұмыс күшінің үлесінің 2015–2020 жж. аралығында керісінше азайғанын байқауға болады. Егер 2015 ж. ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істеген халықтың үлесі 16,2%-ды құраған болса, 2020 ж. бұл көрсеткіш 13,5%-ға дейін түскен, яғни 6 жыл ішінде аталмыш саладағы жұмысбастылардың үлесі 20%-ға қысқарған. Бұл мәселе бір жағынан аймақтардағы ауыл халқының қысқарып, урбанизациялануымен түсіндірілсе, екінші жағынан экономиканың басқа салаларындағы, әсіресе қызмет көрсету салаларында жұмыспен қамтылғандар санының артуымен байланысты болып отыр. Сондай-ақ, еліміздің құрылыс саласында да жұмыспен қамтылғандар үлесінің азайғаны байқалады. 2015–2020 жж. аралығында құрылыс саласында жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 8,2%-дан 7,4%-ға дейін азайып отыр. Бұл үрдісті де әлемдік қаржылық дағдарыстан кейін құрылыс саласының дамуының салыстырмалы түрде тежелуімен түсіндіруге болады.

Жалпы алғанда, ресми статистикалық деректер көрсетіп отырғандай зерттеліп отырған кезеңде, яғни 2015–2021 жж. ішінде қазақстандық еңбек нарығының жағдайын салыстырмалы түрде қолайлы деп бағалауға болады. Еңбек нарығындағы жағдайды тұрақтандыруға мемлекеттің жұмыспен қамту саясатының, әсіресе осы саясатты жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік және аймақтық бағдарламалардың оң әсер еткені сөзсіз. Мемлекеттің халықты жұмыспен қамту үрдістерін реттеу механизмдерінің әсіресе бүгінгі күні, еліміздің еңбек нарығының COVID–19 әлемдік коронавирус пандемиясынан зардап шегіп жатқан кезде белсенді түрде жұмыс жасауы айрықша өзекті. Енді осы халықты жұмыспен қамту үрдістерін мемлекеттік қолдау құралдарына толығырақ тоқталайық.

Еліміздің еңбек нарығындағы жағдайды оңалтып, халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы», «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жж. арналған «Еңбек», Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР инфрақұрылымды дамытудың 2020–2025 жж. арналған «Нұрлы жол», «Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының алар орны ерекше.

COVID–19 әлемдік коронавирус пандемиясы жағдайында зардап шеккен отандық еңбек нарығын қолдау мақсатында аталмыш бағдарламалардың аясында біршама іс-шаралар қолға алынып отыр. Айталық, «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасының аясында 6,5 мың жобаны жүзеге асырып, 225 мың қосымша жұмыс орындарымен жұмыссыз қалған халықты қамтамасыз ету жоспарланып отыр. 2020 ж. шілде айының нәтижелері бойынша «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында еліміздің өңірлерінде 6295 жоба бойынша жұмыс басталып, 148 мыңнан аса жұмыс орындары ашылды және сол жұмыс орындарының ішінде 77 мың орын халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы қамтамасыз етілген [1].

Жоғарыда аталып өткен, бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың аясында 2020 ж. ішінде 1,2 млн адамды жұмыспен қамту қарастырылған. Сол жоспарланған көрсеткіштердің ішінде жұмыспен қамтылмаған халықтың едәуір бөлігін, яғни 600 мың адамды «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жж. арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында, 225 мың адамды «Жұмыспен қамту жол картасы» және 364 мың адамды «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Бизнестің

жол картасы 2020-2025» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың аясында жұмыспен қамтамасыз ету жоспарланып отыр [6, 7, 8, 9].

Мемлекеттің халықты жұмыспен қамту саясатын жүзеге асырудағы бірден-бір құралдар ретінде пайдаланылып отырған бұл мемлекеттік бағдарламалардың негізгі мақсаты – халықты өнімді әрі сапалы жұмыспен қамтамасыз ету және азаматтарды кәсіпкерлікке бейімдеу. Осы мақсатқа жету үшін еңбек нарығындағы сұранысқа жауап беретін техникалық және кәсіптік дағдылары бар мамандар дайындау, нарықтағы кейбір мамандықтарға деген қажеттіліктің төмендеуінің салдарынан құрылымдық жұмыссыздыққа ұшыраған азаматтарды қысқа мерзімдік курстарға жұмылдыру арқылы басқа, сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарына даярлау, «Бизнес бастау» сияқты жобалардың көмегімен халықты кәсіпкерліктің негіздерін оқып білуге жұмылдыру және тағы сол сияқты міндеттерді жүзеге асыруда.

Қорытынды

Қорыта келе, еліміздің еңбек нарығын оңтайландыру және халықты нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары ретінде келесілерді атауға болады:

Заманауи нарық сұранысын қанағаттандыратын және жұмыс берушілердің кәсіби мамандарға қоятын талаптарына сәйкес келетін, біліктілігі мен кәсіби дағдылары жоғары мамандар даярлауға жағдай жасау. Мамандар даярлайтын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының әлемдік стандарттарға сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

Еліміздің өңірлеріндегі жұмыспен қамту үрдістерін жетілдіру үшін және кәсіпкерлікті дамыту мақсатымен халыққа кәсіпкерлік негіздерін үйрететін курстарды белсендіру, аймақтардағы халықты микронесиеу және субсидиялау жүйесіне жұмылдыру және аталмыш құралдардың халыққа қолжетімділігін арттыру; бизнес-идеялар мен инновациялық жобаларды қаржыландыруға мемлекет тарапынан гранттар немесе жеңілдетілген несиелер бөлу;

Жұмыссыздар санатына жататын халықпен әлеуметтік кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу. ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес халықты жұмыспен қамтудың белсенді тетігі ретінде халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және жұмыссыздықтан қорғау шаралары жүзеге асырылатын әлеуметтік топтарға мемлекеттік жұмыспен қамту органдарында ресми түрде тіркелген жұмыссыздар, жұмыссыздар категориясына жататын оралмандар және ҚР Үкіметінің тізіміне кірген жұмыспен қамтылғандардың кейбір топтары жатады;

Еңбек ресурстарының аймақаралық мобильділігін көтеру. Жоғарыда аталған «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жж. арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі жұмыспен қамтылмаған азаматтардың аймақаралық мобильділігін қамтамасыз етумен байланысты, яғни еліміздің жұмыс күшіне бай өңірлерінен жұмыс күші тапшылығы бар өңірлеріне жұмыспен қамтылмаған халықты қоныс аудару арқылы аймақаралық мобильділікті арттыру. Жұмыс күші артық өңірлерге Түркістан, Жамбыл, Алматы, Маңғыстау, Қызылорда облыстары және Шымкент қаласы жататын болса, жұмыс күші жетіспейтін өңірлер ретінде Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Павлодар, Шығыс-Қазақстан облыстары қаралады. Сондай-ақ, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аумағында өңірішілік қоныс аудару мәселесі де қамтылған. Өңірішілік мобильділік жағдайында экономикалық даму мүмкіндігі төмен елді мекендерден облыстық немесе аудандық маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына жұмыспен қамтылмаған халықтың қоныс аударуы жүзеге асырылады;

Халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ететін және бақылауға алатын бірыңғай цифрландырылған алаңды қалыптастыру. Статистикалық деректерге сай, бүгінде елімізде 50-ден аса халықты жұмыспен қамтамасыз ететін агенттіктер мен интернет сайттары қызмет етеді екен. Бұл ұйымдардың өзара байланысын арттыру мақсатында және бірыңғай электрондық базаны жетілдіру үшін «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жж. арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында электрондық еңбек биржасы жұмысын жүргізуде. Мұндай электрондық орталықтың болуы ең алдымен жұмыссыз

халықты ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ететін болса, екінші жағынан қажетті жұмыс орнымен қамтамасыз етуге және бірыңғай жүйеде қадағалауға мүмкіндік береді.

Еңбек нарығын және жұмыссыздықты мемлекеттік реттеу жүйесінің аталған құралдарын ұтымды әрі тиімді пайдаланған жағдайда ғана мемлекеттің аталмыш салада жүргізіп отырған саясаты оң нәтижесін көрсетері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рынок труда Республики Казахстан. 2020. <http://ranking.kz/ru/a/reviews/rynok-truda-respubliki-kazahstan-2020>
- 2 Қазақстанда жұмыспен қамтылу. Статистикалық жинақ. 2015–2019 жылдар. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 242 б.
- 3 Chesters J., Cuervo H. Adjusting to new employment landscapes: Consequences of precarious employment for young Australians // *The Economic and Labour Relations Review*. No. 1–19. 2019.
- 4 Доскеева Г.Ж., Байталасова К.А. Қазақстандағы және жекелеген аймақтардағы халықты жұмыспен қамту үрдістеріне шолу // *Статистика, есеп және аудит*. – № 4(79). – 2020. – 137–142 бб.
- 5 Doskeyeva G., Baitalassova K., Omarkhan D. Assessment of the current state of employment in there-gions of Kazakhstan // *Academy of strategic management journal* (print issn: 1544-1458; online issn: 1939-6104). Research article: 2019, vol. 18, issue 6.
- 6 Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 7 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 8 ҚР инфрақұрылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 9 «Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 10 Қазақстанда жұмыспен қамтылу. Статистикалық жинақ. 2016–2020 жылдар. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 246 б.

REFERENCES

- 1 Rynok truda Respubliki Kazakhstan. 2020. <http://ranking.kz/ru/a/reviews/rynok-truda-respubliki-kazahstan-2020>
- 2 Qazaqstanda jūmyspen qamtylu. Statistikalıyq jinaq. 2015–2019 jyldar. – Nūr-Sūltan, 2020. – 242 p.
- 3 Chesters J., Cuervo H. (2019) Adjusting to new employment landscapes: Consequences of precarious employment for young Australians // *The Economic and Labour Relations Review*. No. 1–19.
- 4 Doskeeva G.Zh., Bajtalasova K.A. (2020) Qazaqstandaǵy jāne jekelegen aimaqtardaǵy halyqty jūmyspen qamtu ūrdisterine šolu // *Statistika, esep jāne audit*. No. 4(79). 37–142 pp.
- 5 Doskeyeva G., Baitalassova K., Omarkhan D. (2019) Assessment of the current state of employment in there-gions of Kazakhstan // *Academy of strategic management journal* (print issn: 1544-1458; online issn: 1939-6104). Research article: vol. 18, issue 6.
- 6 Nätijeli jūmyspen qamtudy jāne jappai käsıpkерlikti damytudyñ 2017–2021 jyldarǵa arnalǵan «Eñbek» memlekettik baǵdarlamasy. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 7 Qazaqstan Respublikasyn industrialıyq-innovasiyalıyq damytudyñ 2020–2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 8 QR infraqūrylymdy damytudyñ 2020–2025 jyldarǵa arnalǵan «Nūrly jol» memlekettik baǵdarlamasy. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 9 «Biznestiñ jol kartasy–2025» biznesti qoldau men damytudyñ memlekettik baǵdarlamasy. URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms>
- 10 Qazaqstanda zhūmyspen qamtylu. Statistikalıyq zhinaq. 2016–2020 zhyldar. – Nūr-Sūltan, 2021. – 246 p.

Г.Ж. ДОСКЕЕВА,*¹

д.э.н., профессор.

*e-mail: g.doskeyeva@gmail.com

К.А. БАЙТАЛАСОВА,¹

докторант.

e-mail: kulsara.baitalaso@narxoz.kz

А.Е. АБИШЕВА,¹

докторант.

e-mail: assel.abisheva@narxoz.kz

¹Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

ОЦЕНКА СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРОЦЕССОВ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье проводится анализ показателей занятости населения Казахстана за 2015–2021 гг. и дается оценка программам и другим проведенным государственным мероприятиям, направленным на снижение уровня безработицы в стране. Также характеризуется система государственной поддержки, направленной на обеспечение занятости населения и решение проблем безработицы, возникших в результате социально-экономического кризиса, связанного с мировой коронавирусной пандемией COVID–19. Также в статье сделан обзор уровня развития безработицы в различных странах мира, который является проблемой не только одного государства, а причиной беспокойства мировых сообществ, и степени исследования данных вопросов. Кроме того, проанализирована и дана оценка динамики изменения численности занятого населения в отраслях экономики страны и обсуждены основные приоритеты государственной политики, направленной на оптимизацию рынка труда и обеспечение населения продуктивной занятостью.

Ключевые слова: безработица, процесс занятости, население, государственное регулирование, молодежь, государственные программы, экономика.

G.ZH. DOSKEYEVA,*¹

d.e.s., professor.

*e-mail: g.doskeyeva@gmail.com

K.A. BAITALASSOVA,²

PhD student.

e-mail: kulsara.baitalaso@narxoz.kz

A.Y. ABISHEVA,³

PhD student.

e-mail: assel.abisheva@narxoz.kz

¹Narxoz University, Kazakhstan, Almaty

ASSESSMENT OF THE STATE REGULATION SYSTEM OF EMPLOYMENT PROCESSES IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article analyzes the employment indicators of the population of Kazakhstan for 2015–2021 and assesses programs and other government measures taken to reduce the unemployment rate in the country. The system of state support aimed at ensuring employment of the population and solving the problems of unemployment that arose as a result of the socio-economic crisis associated with the global coronavirus pandemic COVID–19 is also characterized. The article also provides an overview of the level of development of unemployment in various countries of the world, which is a problem not only of one state, but a cause of concern for world communities, and the degree of research on these issues. In addition, the authors analyzed and assessed the dynamics of changes in the number of employed population in the sectors of the country's economy and discussed the main priorities of the state policy aimed at optimizing the labor market and providing the population with productive employment

Key words: unemployment, employment process, population, state regulation, youth, government programs, economy.